

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының вексельдерін өтеу үшін мемлекеттік ресурстардың астығын сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 1 қаңтардағы N 4

Мемлекеттік астықты және оның ұқсатылған өнімдерін тиімді сатуды қамтамасыз ету және шығарылған вексельдерді өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясына осы өнімді қалыптасқан бағалар бойынша олардың әлемдік және ішкі рыноктардағы өзгерісін ескере отырып биржалар мен ашық аукциондық саудаластықтарда сатуға рұқсат етілсін.

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының вексельдерін өтеу сондай-ақ мемлекеттік ресурстардың астығымен және биржалар мен ашық аукциондық саудаластықтарда қалыптасқан төмен емес бағалар бойынша оның ұқсатылған өнімімен де жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп 1997 жылдың 15 қаңтарына дейін бұқаралық ақпарат құралында аукционның шоттары мен оны өткізудің уақытын жариялауды көздеп, астық жөніндегі Ашық аукциондық саудаластықтар туралы ережені қолданысқа енгізсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары